

## ПАНДЕМИЯ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНЫҢ ӨЗГЕРІСТЕРІ: АНАЛИТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

**Болатова Д.М**

*(Ғылыми жетекші — п.ғ.к., Туркенова С.С.)  
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,  
Қарағанды қ., Қазақстан*

Түйіндеме: Бұл мақалада пандемия жағдайында студенттердің оқуына талдау, сонымен қатар қашықтықтан оқытудың білім беру жүйесіне әсері, сондай-ақ жаңа білім беру парадигмасы жағдайында жаңа технологияларды дамыту тенденциялары берілген.

**Негізгі сөздер:** тілдік білім, шетел студенттері, пандемия, кәсіби дайындық, халықаралық ынтымақтастық, этномәдени білім, тіл қиындығы.

2020 жылдың басында Қазақстан әлемнің басқа елдерімен бірге күтпеген індетке тап болды, бұл мемлекет, қоғам, экономика және білім дамуының жаңа кезеңін өмірге әкелді. Әлемдік медицина жаңа вируспен күресуге дайын емес еді. сондықтан, эпидемияның тез дамуына жол бермейтін жалғыз немесе ең тиімді құрал ретінде адамдар арасындағы байланыстарды барынша шектеу, оларды оқшаулау болды.

Әлемдегі көптеген мемлекеттер COVID-19 пандемиясының алғашқы кезеңінде үлкен сынаққа тап болды, ол экономиканың барлық салаларына әсер етті, әдеттегі өмір салтын түбегейлі өзгертті, барлығына жаңа өмір сүруді үйретті. Осы кезде жеке, қоғамдық және кәсіби өмірдің көптеген салалары төтеп беріп қана қоймай, жаңа шындыққа бейімделе алғанын айта кеткен жөн.

2020 жылмен қатар келген Коронавирус пандемиясы бүкіл әлемді, барлық салаларды бір сілкіндіріп алды, соның ішінде ең көп өзгеріске ұшыраған білім беру саласы. Осыған дейін тек колледждер мен жоғары оқу орындарында қолданылатын қашықтықтан оқыту технологияларын тезарада меңгеру барлық білім беру саласына қатысушыларды өзінің білімі мен біліктілігін шынайы көрсетуді талап етті.

Осы жағдайда білім беру мекемелері, мектеп оқушылары, студенттер мен мұғалімдер қысқа және жылдам мерзімде қашықтықтан оқытуға көшуге мәжбүр болды. Қазақстанда 3 млн. мектеп оқушысы, жарты миллионға жуық ЖОО студенттері қиын кезеңде қашықтықтан оқуға мәжбүр болды.

ҚР Білім және ғылым Вице-министрі Рүстем Биғари ТЖ режимі кезінде еліміздің білім беру жүйесін қашықтықтан оқытуға көшу тәжірибесі туралы айтып берді. Ол студенттердің, оқушылардың басым бөлігін қашықтықтан оқыту формасына көшіру қажет екендігіне тап болғанын және оған тек Қазақстан ғана дайын емес екенін атап өтті. Қашықтықтан білім алуға дайындық қандай болды?- деген сұраққа, келесідей жауап беруге болады. Орта білім беруде жеті мыңға жуық мектеп - 3 млн оқушы, 335 мың мұғалім;

790 колледж - осы колледждердің 40 мың оқытушысы және 469 мың студент; жоғары білім беруде - 131 азаматтық университеттің 116-сы қашықтықтан оқыту жүйесіне ауыстырылды. Елімізде бірінші болып 16 наурыздан бастап жоғары оқу орындары ауысты, олар қашықтықтан оқытуға дайын болған білім беру деңгейі.

Қазақстандағы ЮНИСЕФ басшысы Артур ван Дизен пандемия білім беру саласындағы ойын ережелерін өзгерткенін атап өтті. Коронавирустық Пандемия елімізде білім беру саласын толығымен қайта құруға мәжбүр етті. Пандемия 1,26 елдегі 186 миллиард балалар мен жастарға әсер етті", - деді Артур ван Дизен. Сарапшының айтуынша, Қазақстан цифрлық білімге жоғары деңгейде дайындалған. Халықтың 78% - ы интернетке қол жеткізе алады. Қазақстанда мобильді деректерді беру тарифтері өте арзан. Ел деректерді беру тарифтері ең төмен бес елдің қатарына кіреді. Мектептердің басым бөлігі интернетке қосылған. Білім алушылар сандық білім беру платформалары көп елде өмір сүреді, ол қашықтықтан оқыту мүмкіндіктерін күшейтетінін атап өтті [1].

Бірақ жоғарыда айтылған пікірлерге қарамастан, жоғары білімге қол жетімділіктің теңсіздігі күшейе түсті. Халықтың табысы төмен топтарындағы студенттердің 30% - ында Қашықтықтан оқытуға қойылатын барлық функционалдық талаптарға жауап беретін техника жоқ. Сондай-ақ, студенттер қашықтыққа өту кезінде маңызды психологиялық қиындықтарға тап болады, бірінші курс студенттері ерекше қауіпті аймақта. Халықаралық университетпен жүргізілген сауалнама нәтижесін келесі 1-суреттен көруге болады.




Сурет 1 – Бірінші курс студенттерінің қашықтықтан оқытуға көзқарасы

Тәуекелдермен қатар жаңа мүмкіндіктер де пайда болады: студенттердің үштен бірі күндізгі оқу форматына қарағанда қашықтықтан оқытуды ұнатады (кейбір пәндер бойынша сабаққа қатысудың өсуі байқалады), 49% - да бос уақыт көп болды [2, 14-25 б.].

Пандемия білім беру саласында студенттерге ғана кері әсерін тигізіп қойған жоқ, сонымен қатар жоғары оқу орындарына да өзіндік әсер етті.


Пандемия кезеңінде және одан кейінгі университеттер үшін қиындықтар академиялық ұтқырлықтың төмендеуі, магистратураның жаңа бағдарламаларын, магистранттар қатыса алатын жаңа ғылыми жобаларды дамыту үшін қажетті серіктестіктердің әлсіреуі және басқа да қиындықтар болып табылады (сурет 2).



Сурет 2- Пандемия кезіндегі университеттер үшін қиындықтар (Халықаралық университеттер қауымдастығының сауалнамасы бойынша)

Суреттен, қай көрсеткіш болмасын университет қызметіне де тежеулер қойылғанын байқауымызға болады. Ең жоғары көрсеткіш академиялық ұтқырлыққа кері әсер тигізіліп отыр, одан кейін басқа оқу орындарымен, кәсіпорындармен серіктестіктің әлсіреуі байқалады.

Зерттеулерге сәйкес, шетелдік студенттер де, оқу елінің студенттері де құрбыларымен және профессорлармен тікелей қарым-қатынас жасай алмайтындығынан зардап шегеді, сондықтан олар үшін коронавирустық жағдай және оқудағы өзгерістер туралы үнемі объективті ақпарат алу маңызды. Inside the Ed сауалнамасына қатысқан ЖОО ректорларының 45% (Inside HE ed, 2020) ЖОО студенттерімен және қызметкерлерімен тиімді қарым-қатынас жасау қажеттігін атап өтті [3, 45-52 б.]. Келесі 3- суреттен абитуриенттердің шет елдерге оқуға түсуіне қаншалықты әсер еткенін көруімізге болады.



Сурет 3 - Пандемияның абитуриенттердің шетелде оқу жоспарларына әсері  
(QS сауалнамасы бойынша (2020В))

Суреттен, 46 пайыз абитуриенттерге шет елдерге оқуға түсу жоспары бұзылғанын көре аламыз, ол да алдағы бір кедергі ретінде болып отыр [3, 6-12 б.].

Сонымен қатар, барлық пәндік бағыттар (мысалы, медицина, техникалық және шығармашылық мамандықтар) интернетте оқытыла бермейді. Бұл жағдайда білім беру сапасы төмендейтіні күмәнсіз.

Аналитикалық талдау нәтижесінде білім алушылар мен білім беретін ұйымдарға пандемия өзіндік ерекшеліктер енгізіп, қиындықтар тудырғанын көре аламыз, осы кездегі басты мақсат білім сапасын көтеру, жаңа ақпараттық платформаларды игеру болып табылады, білім беру саласына қатысушылардың жауапкершілігін арттыру білім сапасына оң әсерін тигізеді.

#### Әдебиеттер

1. Как пандемия коронавируса повлияла на образование - мнения экспертов // [https://www.inform.kz/ru/kak-pandemiya-koronavirusa-povliyala-na-obrazovanie-mneniya-ekspertov\\_a3667516](https://www.inform.kz/ru/kak-pandemiya-koronavirusa-povliyala-na-obrazovanie-mneniya-ekspertov_a3667516)
2. Мальцев В.А. Мальцев К.В. Пандемия и образование. // Научные труды ВЭО России 224 том. Москва 2020 г.
3. Аржанова И.В., Барышникова М.Ю., Влияние пандемии covid-19 на сектор высшего образования и магистратуру: аналитический материал. Международный, национальный и институциональный ответ. Москва 2020г.

## МОДАЛЬНОСТЬ, КАК ОДИН ИЗ СПОСОБОВ ВЫРАЖЕНИЯ ФУТУРАЛЬНОСТИ В АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ